

Ғылыми жоба

Тақырыбы: **Қазақ хандығының құрылу алғы шарты және қазақ хандығының құрылуы**



Орындаған:



Мазмұны

- 1. Кіріспе
- 1.1. Хандықтың құрылуына қандай себептер болды
- 2. Негізгі бөлім
- 2.1. Қазақ хандығының құрылуына көрші елдердің ықпалы
- 2.2. Қазақ хандығының құрылуы
- 2.3. Керей мен Жәнібектің сыртқы саясаты
- 2.4. Қазақ хандығының нығаюы
- 3. Қорытынды
- 3.1. Кіші бастаулар, үлкен болашақ
- 4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кіріспе

1.1. Хандықтың құрылуына қандай себептер болды

- Қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер — саяси және этникалық процестер болды. Оның басты этапы — Керей мен Жәнібектің қол астындағылармен бірге көшпелі өзбектердің басшысы Әбілхайырдан кетіп, Моғолстанның батысына қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға — Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-қазақтар, кейін тек қазақтар деп аталуы. Әбілхайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, үкімет билігін басып алуы. Жаңа мемлекеттік бірлестік Қазақстан атана бастады.

Қазақ мемлекеттігін қалыптастырған басты себептер

Қазақ халқының құрылуы
және оның жүздерінің
айқындалуы

Әлеуметтік қатынастардың
нығаюы

Қазақ хандығының құрылуының себептері

Керей мен Жәнібек сұлтандардың Қазақ хандығын құруға ұмтылуы

Халық бұқарасының Әбілқайыр ханға наразылығының күшеюі


Алым-салықтың көбеюі

Әбілқайыр ханның ойраттардан жеңіліп қалуы

2. Негізгі бөлім

2.1. Қазақ хандығының құрылуына көрші елдердің ықпалы

- XV ғасырдың 60-жылдары өмірге келген Қазақ хандығы бұл мезгілге дейін аяқталып қалған қазақ халқының қалыптасуының табиғи жалғасы әрі жиынтығы болатын. Өз ішінде алаш атанған қазақ ұлтының негізгі өмірлік сұранысын, яғни этнос|этностық аумағының бүтіндігін, шаруашылығы мен күнделікті тұрмыс-тіршілігінің қауіпсіздігін Ақ Орда , Моғолстан мемлекеті , Әбілхайыр Ордасы Әбілхайыр хандығы және Ноғай Ордасы сияқты мемлекеттік құрылымдар қамтамасыз ете алған жоқтың. Өйткені бұл хандықтардың өз ішінде де саяси және экономикалық тұрақтылық болған емес. Сондықтан да қалыптасу жолында тұрған қазақ ұлтының аумағы мен жеке тайпалық бөліктерінің түрлі тұрақсыз хандық биліктердің құрамына еніп, тынымсыз қайта бөлініп отыруы ұлттық ұюға жағымсыз ықпал жасаумен болды.



2.2. Қазақ хандығының құрылуы

- Тарихшы Қадырғали бидің шежіресі бойынша, "Алаш мыңы" одағының қалыптасқан мезгілі XIII ғасырдың соңы — XIV ғасырдың бас кезі. Шамамен, Тоңқа би тұсында "Алаш мыңы" одағы Өзбекиядан бөлініп шығып, Қазақ хандығын құрды.
- Қазақ хандығы — бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың территориясында 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Қазақ хандығы Еділден Жайыққа дейінгі территорияны, Сырдария мен Амудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған.
- Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы дала демократиясына негізделген монархияға негізделген. Мемлекет басшысы - хандар саяси билік жүргізетін. Олар төре тұқымынан шыққан сұлтандар арасындағы таңдау негізінде сайланатын.
- Қазақ хандығының тұңғыш ханы - Керей, соңғы ханы - Кенесары Қасымұлы.



2.3. Керей мен Жәнібектің сыртқы саясаты

- **Керей мен Жәнібек хандар**
- Жетісуда Қазақ хандығының шаңырағын көтеру жөніндегі шешімді тек Жошы тұқымы Жәнібек пен Керей сұлтандардың қазақ қоғамының ішкі өмірін реттеп отырған ру-тайпа ақсүйектерінің келісімінсіз қабылдауы, тіпті де мүмкін еместін. Жаңа мемлекеттік жүйе құру аса күрделі екендігі түсінікті. Жәнібек пен Керейдің "Алаш мыңын" бастап Жетісуға бет алуы, бұл, әрине, тарихи үдерістің сыртқы көрінісі ғана болатын.
- Бүгінгі және келешек ұрпақ үшін өткен заманымыздың қай кезеңіндегі тарихымыз болмасын қымбат, сұрапыл-сағаттарда ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да ардақты. Бұрыңғы-соңғы тарихта орны ерекше тұлғалар да болған. Олар – Қазақ Ордасының негізін салған тұңғыш хандарымыз–Керей мен Жәнібек. Екеуі де дана, екеуі де ер. Алаштың асып туған дара ұлдары.



Керей

Жәнібек
хан

2.3. Керей мен Жәнібектің сыртқы саясаты

- Жәнібек хан мен Керей ханның одақтық қатынас орнатқан тұңғыш мемлекеті Моғолстан болды. Бұл достық одақ 1468 ж. Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушісі Әбілхайыр ханның Жетісуға, ойраттардың (қалмақтардың) Моғолстанға шабуыл жасауына байланысты құрылып, 16 ғасырдың 30 жылдарына дейін созылды. 1468 ж. Әбілхайыр хан өлген соң Шығыс Дешті Қыпшақты билеу үшін Өзбек ханның мұрагерлерімен күрескен қазақ хандары Шайбани әулетімен билікке таласып жүрген Жошы әулетінен шыққан Ахмет ханмен, Махмұт ханмен, Ибақ ханмен және т.б. одақтасты.↓
- Қазақ хандары сыртқы саясатта, ең алдымен, Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеттерінің ежелгі экономикалық және саяси орталығы болған Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Отырар, Ясы (Түркістан) және басқа қалалардағы өз билігін нығайтуға күш салды. Ал олардың Дешті Қыпшақтағы негізгі бәсекелесі Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан да қазақ даласындағы халықтарды билеу және одан кейін Орта Азиядағы Темір әулетінің қол астындағы жерлерді жаулап алу үшін Оңтүстік Қазақстанның осы қалаларына арқа сүйемек болды.
- Дешті Қыпшақтағы және Түркістан қалалары үшін ұзаққа созылған күрес 15 ғасырдың ақырында Сырдария бойындағы бірқатар қалалардың қазақ хандарының қол астына көшуімен және Шайбани әулетінің Орта Азияға ығысуымен аяқталды. Шайбани әулетімен уақытша бітім жасалды.

2.4. Қазақ хандығының нығайуы

- XV ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақ хандары қарсыластарын тықсыра отырып, Батыс Жетісуға табан тіреді. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, этникалық аумағының негізгі бөлігін қамтитын шекаралары кеңейе түсті. Орта Азия, Астрахан, Қазан, Сібір хандықтарымен, Ресеймен тығыз байланыс болды. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел, Тәуке хандардың есімдері Қазақ мемлекеттілігі деген атаумен қоса жүреді. Өйткені олардың қазақ жерін нығайтудағы, қазақтардың үстемдігін орнатудағы әрекеттері орасан зор болатын.
- Хандықтағы жоғары билік хан қолына шоғырландырылды. Салт бойынша, хан тағына отыруға рудағы үлкен ұлдың құқығы басым болды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы және жоғарғы сот қызметін атқарды, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, соғыс жариялау мен бейбіт бітім жасау, заңдар шығару және хандықтың бүкіл аумағын билеудің бас құқығына ие болды



Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы

Феодалдық қырқысты
тоқтатты

Тайпа арасындағы
қақтығыстарға
тыйым салды

Мал жайылымдарын
мерзімдері бойынша
тиімді пайдалану



Құтты қоныс. Суретші Д.Кастеев



Ұлы көш. Суретші Қ.Каметов



Қазақ хандығы — бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың территориясында 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Қазақ хандығы Еділден Жайыққа дейінгі территорияны, Сырдария мен Амудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған.



Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы дала демократиясына негізделген монархияға негізделген. Мемлекет басшысы - хандар саяси билік жүргізетін. Олар төре тұқымынан шыққан сұлтандар арасындағы таңдау негізінде сайланатын.

Қазақ хандығының тұңғыш ханы – Керей, соңғы ханы - Кенесары Қасымұлы

3. Қорытынды

3.1. Кіші бастаулар, үлкен болашақ

- Біздің бүкіл өткен тарихымыз жаулас елдердің, жау болмаған күннің өзінде жат жұрт өкілдерінің қолымен жазылып өздерінің мүдделеріне сай бұрмаланып келгендігін есте сақтап, тәуелсіздігіміздің кепілі ретінде ол өткен тарихтағы ақиқатты бұрмалап «ақтаңдақтар» жасауға жол бермеуіміз қажет.
- Ұлтжанды азамат, қазақтың белгілі жазушысы Мұхтар Мағауин ағамыз: «Еңсемізді қайта көтеру үшін, рухани жаңғырып, санадағы жарақат жазылу үшін әлі де бірталай еңбектенуге тура келеді»¹ - дегенде осы бабалар тарихындағы бұрында әр түрлі құйтырқы саясатқа негізделіп, ұрпақтан әдейі жасырылып, айтылмай, жазылмай жазылса шынайы тарих бұрмаланып берілген оқиғалар бүгінде қалпына келтірілуі тиіс екендігі туралы айтқан болар



4. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. — Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006. — 232 бет, суретті.
2. АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ:(елтанымдық және тілтанымдық жинақ). Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана:"Руханият", 2010ж - 264 бет.
3. Мағауин М."Қазақ тарихының әлппесі", Алматы-1995, 9-бет
4. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», 1-том, 364-442-448-бб
5. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл.
6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005.